



ЖИНАҚТАМА

PREMIUM 2.0T

Бағасы	18 890 000
--------	------------

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

КОЗҒАЛТҚЫШ	
Түрі	бензинді, турбоүрлемі бар
Жұмыс көлемі, см3	1967
Цилиндрлер саны, орналасуы	4, қатарлы
Максималды қуаты, а.к. (кВт) / айн/мин	218 (160) / 5500
Максималды айналдыру сәті, Нм - айн/мин	380 / 1800-3600
Экологиялық класы	6
ТРАНСМИССИЯ	
Жетек	Толық жетекті 4WD (ToD)
Беріліс қорабы	Гидромеханикалық, автоматты, қолмен басқару мүмкіндігімен
Берілістер саны	8
ШАНАҚ	
Түрі	Рамалы пикап (5 орынды)
ГАБАРИТТІК ӨЛШЕМДЕРІ	
Ұ × Е × Б, мм	5416 × 1947 × 1884
Дөңгелек базасы, мм	3230
Алдыңғы / артқы дөңгелектердің жолтабаны, мм	1608 / 1608
Клиренсі, мм	232
Көтерілу / түсу бұрыштары	27 / 25
Кешіп өтетін су тереңдігі, мм	500
Дөңгелектер мен шиналар	265 / 60 R18
АСПА	
Алдыңғы	тәуелсіз, гидравликалық амортизаторлары бар екі иінтіректі, көлденең тұрақтылықты сақтандырғышы бар
Артқы	тәуелді рессорлы, гидравликалық телескоптық амортизаторлары бар
ТЕЖЕУ ЖҰҰҰҰІЕСІ	
Алдыңғы және артқы тежегіштер	Желдетілетін, дискілі
РУЛЬ	
Руль күшейткіші	Электрлі
ЖҮК МАССАСЫ МЕН КӨЛЕМІ	
Жабдықталған массасы, кг	2140
Толық салмақ, кг	3115
Пайдалы жүктеме, кг	975
Алдыңғы / артқы оське түсетін максималды жүктеме, кг	1500/1915
Жүк платформасының өлшемі Ұ × Е × Б, мм	1520 × 1520 × 538
Сүйретілетін тіркеменің салмағы (тежегіші бар/жоқ), кг	2500/750
Отын бағының көлемі, л	78
ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ	
Максималды жылдамдық км/сағ	165
Қалалық цикл, л/100км	11,5
Қала сыртындағы цикл, л/100км	9
Аралас цикл, л/100 км	10,6

ШАНАҚ ТҮСІ

Қара

Көк

Қызыл

Сұр

Ақ

САЛОН ТҮСІ

Терракота түсі

Қара

ДИСКІЛЕР

18" дискілер

GWM POER

ДӨНГЕЛЕКТЕР

- 18" дискілер
- Алдыңғы және артқы дискілі тежегіштер
- Артқы құламаның астында қалыпталған дискідегі толық өлшемді қосалқы дөңгелек
- TPMS шиналардағы қысымды бақылау жүйесі

ЭКСТЕРЬЕР

- Күңгірт сұр түске боялған жалған радиатор торы
- Шанақ түсіне боялған айналар мен есік тұтқалары
- «Акуланың қанаты» пішінді қысқартылған антенна
- Бекітілген бүйірлік табандар
- Артқы бампердегі басқыш
- Жүк платформасының қорғаныш ішпегі
- Хромдалған доға
- Төбедегі рейлингтер
- Артқы борттағы жиналмалы басқыш

ИНТЕРЬЕР

- Салонның қара немесе қоңыр қызғылт түсі
- Былғарымен қапталған мультифункциональ руль
- Жолаушылар мен жүргізушінің отыру қолайлығына арналған алдыңғы және артқы бағандардағы тұтқалар
- Жүргізуші мен жолаушы жақтағы күнқағарлардың макияж айналары
- Жүргізуші жағында төбеде көзілдірік салғыш
- Алдыңғы жақтағы ортаңғы тоннельде 2 стақан қойғыш
- Алдыңғы және артқы орындықтар қатарының төбеден түсетін жарығы
- Автоматты түрде күңгірттелетін салондағы артқы көрініс айнасы
- Салондағы артқы көрініс айнасының корпусындағы бейнежазғышты жалғауға
- арналған USB ағытпасы

ОРЫНДЫҚТАР

- Алдыңғы орындықтардың жылытқышы және желдеткіші
- Алдыңғы орындықтарды электржетекпен реттеу
- Орындықтардың теспеленген жасанды + табиғи былғарыдан тігілген тыстамасы
- Ұсақ-түйек салатын бөлімі бар ортаңғы шынтақтаяныш
- Екінші қатардағы орталық шынтақтаяныш
- Екінші қатардағы ортаңғы бассүйегіш
- 40:60 арақатынаста жиналатын артқы қатар орындықтары

ЖАБДЫҚТАР

- Артқы көрініс айналарының жылытқышы, электр реттегіші, электржетекпен жиналуы
- Әйнектазартқыштардың тоқтайтын аймағының, әйнекжуғыш бүріккіштерінің, артқы әйнектің электр жылытқышы
- 4 есіктегі автожеткізгіштері және қысып қалудан қорғау функциясы бар электрлі әйнеккөтергіштер
- Руль жылытқышы
- 1 аймақты климат-контроль
- Артқы қатардың ауа арналары
- Жүргізуші және алдыңғы жолаушы есігі жағынан кілтсіз кіру, қозғалтқышты оталдыру түймесі
- Қашықтан басқарылатын орталық құлып, 2 смарт кілт
- AutoHold функциясы бар EPB электр-механикалық тұрақ тежегіші
- Рульдің айнымалы күш түсіретін электркүшейткіші
- Рульді биіктігі мен шығымы бойынша реттеу
- Руль астындағы берілісті ауыстырып қосу тетіктері
- Берілістердің электрондық селекторы
- Алдыңғы және артқы тұрақ датчиктері
- Электр жабдықтарын қосуға арналған түймелер
- Алдыңғы жолаушыларға арналған 12В розеткаИммобилайзер
- Қозғалтқышты кілттен қашықтан оталдыру
- Сыйымдылығы ұлғайтылған аккумулятор
- Автокөлікті іздеу жүйесі, дыбыс, жарық сигналын қашықтан іске қосу

ШАССИ

- Арнайы коррозияға қарсы дайындық
- Автоматты толық жетек (TOD)
- Төмендеткіш беріліс
- Артқы дифференциалды құлыптау
- Жүру режимдерін таңдау жүйесі (Эко, Стандарт, Спорт)
- Жолсыз жерге арналған функцияларды физикалық басқару түймелері
- Өрде және ылдида орыннан қозғалуға көмектесу жүйесі
- Қозғалтқыштың және отын бағының қорғанышы

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОЛ СҰҒЫЛМАУШЫЛЫҚ

- Алдыңғы және бүйірлік қауіпсіздік жастықтары, қауіпсіздік қалқалары
- Қозғалысты тұрақтандыру жүйесі: ABS тежегіштерді блоктау жүйесі
- Электрондық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі ESC, BAS шұғыл тежеу кезіндегі күшейткіші бар, EBD тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйесі
- 360 айнала шолу камерасы
- TJA кептелісте жүру және ICA интеллектуалды круиз-контроль функциясы бар ACC бейімделетін круиз-контроль
- AEB автоматты түрде шұғыл тежеу
- TSR жол белгілерін тану жүйесі
- BSM көзден таса аймақтарды бақылау, қатарды ауыстыру, LKA қатарға қайтару функциясы бар LDW қозғалыс қатарынан шығып кету туралы ескерту жүйелері
- Smart Dodge «Ақылды бұлтару» функциясы
- FCW алдыға қарай, RCW артқа қарай қозғалған кезде соқтығысу туралы ескерту көмекшісі
- RCTA, RCTB тежеу функциясы бар тұрақтан артқы жүріспен шығу көмекші жүйесі
- HNC өрге және HDC ылдиға қарай орыннан қозғалу көмекші жүйесіЖылдамдық шектегіші
- Шұғыл тежеу кезінде апаттық жарықты автоматты түрде қосу
- Алдыңғы орындықтардың тағылмаған қауіпсіздік белбеулері туралы еске салу жүйесі
- Алдыңғы жолаушылардың қауіпсіздік белбеулері: алдын ала кергіштері және күштерді шектегіштері бар
- Екінші қатардың қауіпсіздік белбеулері: үш нүктелі
- Артқы орындықтардағы ISOFIX бекітпелері
- SCM апат жағдайында отын мен майдың берілуін тоқтату функциясы
- Артқы есіктердің ішінен ашылып кетуінен қорғайтын құлыптар бекітпесі (бала бекітпесі)

АУДИО ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ ЖҮЙЕЛЕР

- 50W жылдам сымсыз зарядтау құрылғысы
- Android Auto / Apple CarPlay, Bluetooth сымсыз интерфейсі бар мультимедиа құрылғысы
- USB ағытпасы x2 алдында және x2 артында
- 12,3 дюймдік ажыратымдылығы жоғары сенсорлы дисплей
- Цифрлық аспаптар тақтасы, 7 дюймдік түрлі-түсті экран
- 6 динамигі бар акустикалық жүйе
- Жылдамдықты арттырған кезде аудиожүйенің дыбыс деңгейін өзгерту жүйесі

ЖАРЫҚ ЖӘНЕ КӨРІНІС

- Жарықдиодты фаралар
- Күндізгі жарықдиодты шамдар
- Жарықдиодты артқы шамдар
- Тұман фаралары
- Орталық құлыпты жапқаннан кейін фаралар жарығын кідіртіп өшіру функциясы
- Жаңбыр мен жарық датчигі